

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13 **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

ЫІсқақ Дүйсенбаев

АБАЙДЫҢ ПОЭМАЛАРЫ МЕН АУДАРМАЛАРЫ

Абайдың поэмалары. Абай әдебиет майданына шығып, оның атағы жер жара бастаған кезде әріден келе жатқан қазақ поэзиясында Европа түсінігіндегі поэма жанры әлі туып үлгірген жоқ деуге боларлықтай еді. Өйткені, ел аузында сақталып жеткен батырлар жыры («Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», т. б.), яки лиро-эпосты («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Күлше қыз», т. б.) немесе тұбі шығыстан ауысып қазақ сахараасына мол тараған халық дастандары («Мұндық-Зарлық», «Боз Жігіт», «Шаһмаран», т.б.) мен діни қиссаларды («Салсал», «Зарқұм», «Пайғамбардың миғражға шыққаны», «Кербаланың шөлінде», т.б.) шын мәнісіндегі, яғни біз сөз етіп отырған поэмалар қатарында карауға келмейтін-ді.

Тегі мұндай жағдайдың орын тебуіне, ең алдымен, қазақ қоғамында жазба әдебиетінің іргесі қалануы мен қалыптасу процесі тым кешеуілдеп барып басталып, оның үстіне ұзаққа созылуынан болса керек. Сондықтан да қазақ өлеңін мазмұн мен түр жағынан дамытуда орасан жаңалықтар енгізіп, тың жолдар ашқан Абайдың өзі поэма жанрына келгенде оншама белсene кіріспегенін байқаймыз. Рас, кейінірек Абай өз төнірегіне шоғырланған жас таланттарға түрліше тақырыптар бөліп беріп, олардың романтикалық рухта, я болмаса реалистік стильде поэмалар жазуын талап еткені жалпыға мәлім. Бұл ретте, ең алдымен, Шәкірім. Ақылбай, Мағауия, тағы басқалардың жаған поэмаларын атауға болар еді.

Ал енді Абайдың өз басына оралатын болсак, ұлы ақын шығарған үш поэма бар: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі». Бұл шығармалардың, сюжет төркіні әуел бастан-ақ дұрыс көрсетілгенмен, қай поэмалың шығыстың қандай аныз-ертеғісінен алынғаны соңғы жылдарға дейін белгісіз болып келді. Ал қазір бұлардың дәл источникең анық көрсете аламыз.

«Ескендір» поэмасы. Осы шағын поэманды оқығанда қандай қорытындыға келеміз? Ең алдымен, атағы бүкіл жер жүзіне жайылған Ескендірдің өміріндегі сан қылы оқиғалардың бірде-біреуіне тоқталмай, Абайдың тек өзіне қажетті осы бір шағын эпизодты таңдалу алушында үлкен мән бар. Егер Абай ескі дәстүрді қуаттап, қайта жаңартқысы келсе, аныздар мен тарихтағы Ескендір туралы мол деректерді пайдаланып, «Ескендір нама» болмағанмен соған ұқсас дастан жазған болар еді. Абай бұған әдейі барған жоқ, оған негізгі себеп: өз заманының мінін көріп, үстем тап өкілдерін улы тілімен аяусыз сынап келген реалист ақын сол ертедегі өткен хан-патшалардың өнегелісі саналған Ескендірдің жиынтық жағымды бейнесін әшкереуді өзіне міндет етіп қояды. Міне, осы арқылы өз тұсындағы ұсқынсыз, кертартпа, кесепатты көріністерді шенемек, даттамақ болады. Мұны поэмандың аяғындағы қорытынды шумақтардан да айқын анғарамызы:

...Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
Өз күлкіне өзің қарық болма бекер.
Үятың мен арынды маға сатып,
Үятсызда иман жоқ, тұпке жетер...

дейді де, поэмандың былайша аяқтайды:

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойында өлшеп сойлесен, нең құрайды?
Жақсы болсан, жарықты кім көрмейді,
Өз бағынды өзінден кім сұрайды?!

«Ескендірді» жазғанда Абай поэмамен шұғылданып, оның жаңа өрнегін туғызууды өзіне негізгі талап етіп қойған жоқ, ақын әдеттінше өситет сөздерін осы әңгіме-өлең арқылы өткізбек болды деушілердің пікірлері асылында шындықтан алшақ болмасқа керек.

Абайдың екінші поэмасы – «Масғұт». Бұрын бұл шығарманың тақырыбы Шығыстан деген жалпылама жорамал болғанмен, оның қайdan алынғаны дәл көрсетілмей келіп еді. Мұрсейіт Бікейұлының қағазға түсірген Абай қолжазбаларының бірінде (1907 жылғы,

қазір ол М.О. Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы. – Й.Д.) «Масғұт» поэмасының тұсына «Тургеневтен» деп жазылған ескертпе сөз көзге түсті, іздестіре келгенде, бұл шығарманың тақырыбы И.С. Тургеневтің «Шығыс анызы» деп аталатын шағын әңгімесінен алынғандығы анықталды.

И.С. Тургенев бұл шығармасын өлеңмен жазылған проза деп тегін атамаған. Сол себепті де оның стилінде көтеріңкілік, композициясында ерекшелік бар. Ал, Абай өзінің поэмасында «Шығыс анызының» тек сюжетін ғана пайдаланған.

Шығарманың бас қаһарманы И.С. Тургеневтің анызында Джияффар атанса, Абай поэмасындағы есімі – Масғұт, сондай-ақ, оның, мекен еткен жері екеуінде де Бағдат шаһары, бірақ Тургеневтегідей емес, Абай өз геройы Масғұттың қай халифаның кезінде өмір сүргенін анықтап көрсетеді де, араб ертегілерінен, әсіресе, «Мың бір тұннен» белгілі Арун-Рашидтің есімін көлтіреді. Ал, аныз бер поэмадағы екінші кейіпкерге келсек, И.С. Тургеневте ол – қайыршы шал кейпіндегі жұмбак бір адам болса, Абай оны шығыс халықтарының түсінігіне жақындастып, Қызыр деп атайды. Сол Қызырдың, (кейде Хизр да дейді) Әбілхаят сүйін ішкендіктен мәнгі жасайтын және әрдайым кездескен адамына бақ-дәulet әкелетін киелі жан екені мұсылмандардың дін аныздарында баяндалып келген болатын-ды.

Аныздағы оқиғаға қарасақ, автордың мақсаты басқаша. Бағдат шаһарына даңқы тегіс жайылған, бүкіл әлемнің күні саналған Джияффардың шалды тонап жатқан екі бірдей карақшыға қарсы тұрып, ерлік көрсетуінің өзі – таңқаларлық, үлгі аларлық нәрсе, адамгершілік зор қасиет. Оның үстіне қария ұсынған жемістердің ішінен Джияффардың таңдаганы сарғыш алма, оны жеген кісіні әйелдер ұнататын көрінеді. Ендеше бас қаһарманының осы көзге жұптыны жемісті таңдаудың қандай астар бар екені ашылмайды, бірақ оның тағы да бір ізгі істің сонында жүргендігін халифтің сарайын сұрағанынан аңғарғандай боламыз. Алайда, біз Джияффардың келешекте де тек иғі істер істейтініне көміл сеніп қаламыз, демек аныздың аяқталғаны осыдан-ақ айқын сезілгендей.

Ал енді Абай сол аңыздағы оқиғаны қалай пайдаланған? Ең алдымен ұлы ақын өзінің есiet-нақылдарын бас қаһарман арқылы үгіттегісі келеді. Бұл жерде ескертे кететін бір жайт: Бағдаттың тұрмысын, *Масғұттың* тіршілігін суреттейін деген ой Абайдың жоқ. Екіншіден, ақын аңыздың тар көлемінен шығып, жалпының бәріне ортақ, бәріне қажет зор бір қасиетті, яғни адамгершілік ожданды жырламақ болады. Сол себепті поэмадағы *Масғұт*, аңыздағы Джияффардай әйгілі адам емес, жай қарапайым кісі, күнде кездесетін көптің бірі. Ал, мұнда қандай мән бар? Егер ақын жақсылығы мәлім даңқты геройды алса, оның игі істері ешкімді де таңдандырмаган болар еді, оның бер жағында мұндай некен-саяқ адамдардан гөрі халық ортасынан шыққан кейіпкерді көрсету анағұрлым қонымды, анағұрлым әсерлі екенінде күмән жоқ. Расында да, Абай бұл поэмасында «Ескендірдегідей» емес, адамның құнделіктіршілігінде кездесетін оқиғаны сөзетіп отырған жоқ па? Қасиетті жемістер мен Қыдыр шал жай ғана фон немесе аңыздан қалған сарқыншақ, бұлар Абайдың ойына, айтпағына негіз болып отырған жоқ. Сайып келгенде, кейінгі жастарға үлгі-өнеге боларлық бейне ретінде Абай *Масғұттың* ұсынып отыр деп айта аламыз ба? Әдебиетте кездесетін жағымды геройдың қайсысы болса да оқушы көвшілікке әрдайым әсерін тигізетіні және оның тәрбиелік мәні зор екендігі рас. Алайда, *Масғұттың* идеал боларлық үлкен дәрежеге көтерілді деу қын. Өйткені, Абай мұндай міндетті өз алдына қоймағанын сол поэманиң екінші бөлімінен айқын аңғарамыз. Бір ғана мысал келтірелік. Ақын «*Масғұттың*» бірінші бөлімінде бас қаһарманының аузына мынадай сөз салады:

Кызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа журмесем... не жан күйер?
Үргапы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің ерек адам болса қасы,
Катын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұргашы болмай ма арашашы!

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?..

Әйелдер жынысының қоғамдағы рөліне, еркектердің өз ара татулығына, олардың тигізетін әсеріне, ақынның қалайша қарап, қаншама терен бағалайтынын осы жолдардан анық көргендейміз. Демек, Macғұттың қызыл жемісті жеудегі көздегені әйелдің махаббатына онай ие болу немесе тойымсыз нәпсінің соңына ерушілік емес, керісінше, сол әйелдер қауымын қадір тұту, адам өміріндегі олардың зор ролін тани білу демекпіз. Енді екінші бөлімнен оқып керелік:

Сол заманда-ақ надандар шырық бұзган,
Жалғаның дәмін бұзып қауіп қылғызған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арапашы ізделті қатын, қыздан.

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда...

Әрине, бұл сөздеріне қарай, гуманист ақын әйелдерден арашашы іздеңген еркектерді кекетіп отыр десек, онымыз тым шолақ қайырғандық, бірынғай түсінгендік болар еді. Шынына келгенде, Абай өзін қоршаған ежелгі жаулары надандық пен әділетсіздікке қарсы ыза үстінде айттып, сол көздегі «шырық бұзған надандарды» сынап-мінеп отыр. Дегенмен, осынын, өзінен-ақ, поэманның екінші бөлімінде ақынның басқа сарынға түгелдей көшпесе де, Macғұтты жана бір қырынан көрсетуге тырыспай, енді ел арасына «Шәмсижиһан» атанип данққа бөлсөнген Macғұтты да өзінің негізгі идеяларына уағыздауға тағы да пайдаланып отырғанын абылаймыз. Қорыта келгенде, бұл шығармадағы («Macғұт» поэмасын айттып отырмыз. – Ы.Д.) екі бөлімнің арасындағы алшақтық сырт қана көрініс, түптеп қуаласақ, Абайдың сол шығыс аңызын жалпы фон ретінде алып, өзінің заманы жөніндегі ойларын, сындарын айтпақ болғанын тану онша қызын емес.

Абайдың «Әзім әңгімесі» аталатын шығармасын шын мәніндегі поэма деуге келе бермейтін төрізді. Ең алдымен бұл аңыз аяқталмаған, оқиғаның ақыры немен тынатынын және онда келесі жайлар қалай суреттепетінін, ақынның қандай идеяны уағыздайтынын біз білмейміз, екіншіден, соңғы жылдардағы зерттеулер бойынша «Әзім әңгімесі», «Мың бір түндеңі» (774-827 түндер) «Хасан зергер туралы әңгіменің» сюжет желісіне негізделіп құрылғаны анықталды. Ендеше бұл жайдың да өзіндік маңызы бар, ен, болмағанда ертегінің де салқыны болуы ықтимал ғой.

М.О. Әуезов «Әзім әңгімесі» жөнінде былай дейді: «... 1927 жылы осы поэмалың текстін Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен Ырыспайдың Ысқағы Абай поэмалың ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз жанынан да «төлеу» салып, аламыштап жіберген сияқты, өйткені, поэмалың кейбір үйқастары, кей кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жана спайтыны да бар»¹⁵.

Әлемге әйгілі «Мың бір түн» ертегісінде бас қаһарманнын, есімі Әзім емес, Хасан. Аяр шалдың аты – Баһрам. Абай шығармасында тау басынан амалдан түскен Әзім екі-үш күн жүргеннен кейін алтынды үйге кез келіп, ондағы екі қызбен танысады.

Екі қыз естіп білді Әзім жанын,
Есіркеп-мұсіркейді айтқан сайын:
– Сен бізге бауыр болып, тұр осында,
Не керектің қылалық бәрін дайын...

Бала жігіттің бұл үйді қалай кезуіне рұқсат берілсе де, жалғыз-ақ бір есікке кірмеуі қатты ескеptіледі. Бір күні екі қыз бір жаққа кетеді, үйде Әзім жалғыз қалады да, салған жерден тыйым салынған есікті ашып кіреді:

Кірсе ар жагы дөңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір қауыз бар ернеуі тас.

¹⁵ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 152-б.

Бұлбұл сайрап, миуасы салбырап түр,
Салтанатын түгендеп айтып болмас.

Тас ернеүі – меруерт, ол көрінген,
Кеткісі келмес жаңының мұны көрген.
Ер Әзім тамашалап қарап тұрса,
Бір түрлі таңғажайып құстар келген...

Абай шығармасында осы жерге шейін ғана сақталған. Ал «Мын бір түнде» оқиға қалай дамыды? Хасан сол қыздардың көмегімен жәдігөй шал Баһрамды өлтіреді. Тыйым салынған есікке кіргенінде, Хасан кептер кейпіне кіріп, ұшып жүрген жынының ұлы патшасының қызын көріп, ғашық болады. Әзіне апа саналған кіші қыздың көмегі бойынша, Хасан жын патшасының қызына үйленіп, еліне қайтады. Кәрі шешесімен кездесіп, сүйікті әйелімен бәрі бірге тұрып жатады. Арада біраз жылдар өтіп, Хасанның екі баласы дүниеге келеді. Бірде ол жол жүріп кеткен кезде, әйелі екешешемді сағындым деп, екі баласын алып кетіп қалады. Әйелін ізделеп сапар шеккен Хасан сан қылышының тардары көріп, азап тартады. Бұл кезде әйелі де адамзатқа шыққаны үшін апасынан жәбір көреді. Ақыры Хасан баяғы апасы, кіші қыздың көмегімен осы азаптың бәрінен құтылып, әйелі мен балаларын еліне алып қайтады. Кәрі анасын қуантады, сүйікті жарымен бақытты өмір сүреді.

Ертегінің желісі, міне, осында! Ал, Абайдың «Әзім әңгімесі» аталағын шығармасы сол ертегінің негізіне құрылса, оның үстіне поэманның алғашқы нұсқасы сол қалпында жетпей, кейінгілердің жамау-жасқауларын көрсе, әрине, мұндай шығарма турасында толық талдау жасап, тұжырымын пікір айту өте қыын. Алайда, «Әзім әңгімесі» атты поэманның кейбір ерекшеліктеріне қысқаша болсын тоқталып өтсек дейміз.

Абай «Мың бір түн» ертегісіндегі әңгімені сол қалпында түгелдей өлеңге аударуды мақсат етпегенге ұқсайды. Мұнда, бір жағынан, өз еңбегімен күн көріп, тіршілік еткен Әзім секілді талапты жастың жарқын бейнесі ақынды қызықтырса, сол сияқты Шығыс пен Батыс аңызында ежелден бері суреттеліп келе жатқан

аяр шалдың жұмбақ бейнесінде ақынның назарын өзіне аудармай қоймаған. Әдетте өміріндегі сан алуан және шытырман оқиғалары немесе жұмбақ сырларымен осындау кейіпкерлер бір еліктірсе, сонымен бірге олар өз заманыңдағы кейір жаңалықтарды таратушылар болып та көрінеді. Мысалы, дүние жүзіне ертеден-ақ мол тараған алхимиктердің ғылым күшімен жай тасты алтынға айналдыру әрекеті жиі сөз болып келгені мәлім. Ендеше Абайды да осы проблема еліктіргендей, өйткені аяр шалдың Әзімді алдаудағы негізгі құралы сол алтын жасау емес пе? Поэмада шал қара тастан алтын шығарады, бірақ ол «философский каменнін» сырын ашқан жоқ, бір биік таудың басынан Әзім сияқты сенгіш анқаулардың қолымен қара ұсақ топырақ жинап, соның қасиеті арқасында алтын жасап жүр. Бұл, әрине, тек ертегіде ғана болатын құбылыс, шындықта алхимиктердің әрекеттерінен ештене шықпайтынын баяғыдан белгілі.

Сөйтіп, поэманың алғашқы бөлімінде Әзім мен аяр шалдың кездесуі, сол шалдың сүм әрекеттері арқылы таза жүрек баланың алданып қолға түсі, кеме үстіндегі оқиғалар, ақыры Әзімнің айтылмыш таудың басына шығып, айдаһарлардың ортасында қалғаны, көп азап-қауіптен кейін аман-есен құтылуы, оңаша тұрған алтындаған үйге кез келуі баян етіледі. Әрине, бұл шығарманың алғашқы бір бөлімі ғана, кейінгі оқиғалар суреттегілік жолдар жоғалып кеткен. Сондықтан біз бұл жерлерін ертегідегі фактілермен толықтыруға мәжбүр боламыз. Қысқасы, бұл поэмада да Абай адалдықты, еңбек-қорлықты арамдық пен аярлыққа қарсы қойғаны айқын көрінеді.

«Әзім әңгімесі» де он бір буын қара өлең үлгісінде жазылған, ақын бұл шығармасында көбінесе баяндау әдісін қолданып, кейіпкерлерінің ішкі сезімдерін ашуға онша бара бермеген.

Абай аудармалары. Абай кезінде қазақ арасында аударма ісі жөнді тарамаған болатын, бірен-саран шұғылданушылар кездесе қалса, олар аударманы өздерінің негізгі мамандықтары қажетіне байланысты жүргізетін еді. Бұл ретте сол замандағы белгілі қайраткерлердің ішінен көрнекті ағартушы және тамаша педагог Ыбырай Алтынсаринды атаған болар едік. Оның өзінде ол балаларды оқытуға қажетті бірнеше ғибрат әңгімелерін аударғаны

болмаса, кең көлемде бұл іспен айналыстағанын көреміз. Екінші сөзбен айтқанда, аударма дегеніміз ол кезде, шын мәніндегі өнер дәрежесіне көтеріле алмай, әуесқойлық көлемінен аспаған еді.

Сөз жоқ, Абайдың өз басы аудармамен шүғылданған шақта бұл салада арнайы қызмет етуді, сөйтіп, аударма ісін профессионалдық сатыға көтеруді нысанда етіп қоймаган. Эйтсе де, ұлы ақын өзінің творчестволық тәжірибесінде әрдайым орыстың озат мәдениетіне сүйенгендіктен, өзі сүйсіне оқып, үлгі-өнеге тұтқан классик ақындарды қазақшаға аудармай отыра алмаган. Керек десеніз, Абайдың ақындық өнерінің кемелденуіне, шеберлігінің шыныға ту-суіне аударманың да белгілі ролі, иғлікті әсері болғанына ешбір күмән жоқ. Қайткен күнде де Абай әдеби мұрасының ішінде аударма нұсқаларының да өзіндік орны мен салмағы бар. Бірер цифrlар келтірелік: оқта-текте болсын аударма ісіне арналған өмірінің 15 жылында Абай улкендікішілі 53 шығарманы орысшадан қазақшаға аударған. Сонда ол А.С. Пушкиннің, «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған әйгілі романынан жеті үзінді, М.Ю. Лермонтовтан 28 шығарма, И.А. Крыловтан 11 мысал, басқа ақындардан 7 өлең аударған. Ал енді солардың кейбіреулеріне қысқаша тоқтап, ақынның бұл саладағы жемісті еңбегіне баға беріп өтсек дейміз.

Абай аудармаларын А.С. Пушкиннің «Евгений Онегинін» жасалған үзінділерінен бастайтын себебіміз қазақ ақынның, бұл саладағы тұнғыш қызметі, алғашқы адымы осы дерлік еді. Бұл ретте ең алдымен орыстың энциклопедиясы саналған тамаша шығарманың қай қасиеттері Абайдың назарын аударып қызықтырды және сол үзінділерді аударғанда ақын алдына нендей мақсат қойды деген сұраққа жауап іздемеске болмайды. Өйткені, осыған байланысты біз Абайдың аударма өнеріндегі әдіс-тәсілін де жол-жөнекей анықтайтын боламыз.

Романды түгелдей аудармағанына қарағанда ондағы орыс қауымының сол кездегі өмірін жан-жақты көрсететін көптеген жайлары Абайды онша қызықтырмаған болу керек. Рас, аударма ісімен бұрын машығы жоқ ақынға, ол қаншама дарынды бола тұrsa да, бірден «Евгений Онегин» тәріздес күрделі және классикалық

ғажап шығарманы менгеру оңайға түспес те еді. Сонымен қатар Абай заманындағы қазақ ортасынан мұндай кемел туындыны терең түсініп оқытын мәдениетті жүртшылықты табу да қын екеніне күмән болмасқа керек. Сондықтан да, Абай жалпы көпшілікке түсінікті екі жастың басындағы ғашықтық жайды ғана алады да, оны біріне-бірі тәң пәк жастардың, сөтсіз маҳаббаты түрінде сыйпаттайды. Қазақ ақынының осынысында А.С. Пушкин текстінен мұлде алшақ кеткендік немесе көрінеу көзге қиянат жасап бұрмалағандық бар ма? Біздіңше, жоқ. Мәселе Пушкинде Онегиннен Абай аудармасындағы Онегиннің азды-көпті айырмасының барлығында емес, себебі түптеп келгенде соншама зор айырмашылық, оларды біріне-бірін жат ететін алшақтық жоқ. Пушкин Онегині саяхаттан қайтып оралғаннан кейін Татьянаны екінші рет, жаңа жағдайда көргенінде оған бірден ынтызар болып, жүрек мұнын ашпай ма? Ендеше, Абай осыған сүйене отыра, романның басқа перипетиялары сөз болмайтынын ескеріп, екі жастың хаттарын келтіргенде, ол шындықтан алыс кетпейді. Және мұндай шешімнің сол кездегі қазақ жастары үшін де тәрбиелік манызы ұшан-теніз еді, Абай міне осы жағын қатты ескерген тәрізді. М.О. Әуезов өзінің, Абай творчествосына арналған белгілі еңбегінде ақынның осы аудармаларын эпистолярный роман деп атайды. Бұл құнарлы пікірдің, негізінде шындық бар десек те, жоғарыдағы Абай аударған үзінділерді олай деп үзілді-кесілді атауға келе бермейтін секілді. Демек, бұл алуандас шығармалар, әсіресе, прозалық түрде, Европа әдебиетінде өте көп ұшырасады, бірақ, олардың, қай-қайсы болсын қалыптасқан заңдылығы бар, бір тұтас туындылар. Хат формында жазылса да сол шығармалардың қаһармандары әр қырынан көрініп, өздерінің көркемдік шешімдерін тауып отырады, қысқасы керкем шығармаларға әдетте қоятын катал талаптарды оларға да жасауға әбден болады. Ал, Абай аударған үзінділерде мұндай жымдасқан тұтастық жоқ және олардың бәрі жиналып келгенде екі жастың басындағы бір ғана кезеңді суреттейді, яғни Онегин мен Татьянаның басқа мінез-құлықтары мен қарым-қатынастары ашылмайды, назардан тыс қалады.

А.С. Пушкиннің «Евгений Онегинің» аударылған үзінділер жөніндегі сөзімді аяқтамас бұрын тағы бір мәселелеге айрықша көніл бөлгіміз келеді. Сол «Евгений Онегинің» жеті үзінді қазақшаланған болса, олардың бәрі бірдей Пушкиннің оригиналымен мұлтіксіз дәл түсे бермейді, кейде біраз алшақ кетіп отырады. Бұл неліктен? Абайдың алғашқы адымы, демек аударма ісіндегі тәжірибесі аз болғандықтан туды дейін десек, аталмыш үзінділердің ішінде ақынның, әрі көркем, әрі дәллірек аударғандары да бар той. (Мысалы, «Онегиннің сипаты», «Амал жоқ қайттым білдірмей», «Барасың қайда, қайда болмай маған» т. б.) Тегінде негізгі себеп басқада болса керек. Сайып келгенде, өз заманындағы оқушы көпшілікке аударманы ұғымды ету үшін мұндан азды-көпті алшақтыққа Абай саналы түрде барған сиякты, бірақ ол еш уақытта да Пушкиннің негізгі сарынын, рухын мұлде өзгертіп көрген емес. Қайталап айтсақ, Пушкинде қазақшалағанда Абай қайтсе де оны текстіне тың жолдар енгізіп, өнер таластыруға немесе орыс ақыны тартқан желіні бұзып, соны тақырыпқа бұруға әдейілеп барған жоқ. Ал, ара-тұра болсын Пушкиннің түп нұсқасынан кейде алшақтап кетуі қазақ оқушыларының қамын жеуден туған өте занды көрініс...

Қыскаша қайырғанда Абайдың Пушкинге келуі осылайша болған. Ал, Абайдың жалпы аударма көлемінде не істегенін, өз творчествосына және кейінгі қазақ әдебиетіне бұл еңбегінің қаншама құнарлы әсері болғанына осы тараудың аяғында тоқтап өтуді мақұл көрдік.

Абайдың ерекше сүйіп аударған екінші ақыны – М. Ю. Лермонтов. Ең алдымен, қазақ ақынның Лермонтов шығармаларымен жете таныс екенін және оның жеке олеңдерімен бірге кейбір поэмаларынан да үзінділер аударғанын көреміз. Мұндағы екінші бір жаңалық, Абай аударма өнерін жақсы менгеріп, оның көркемдік сапасы мен оригиналға дәлдігін айта қаларлық дәрежеге кетере білген.

М. Ю. Лермонтовтың әйгілі поэмасы «Демоннан» немесе оның басқа да кесек шығармаларынан («Измаил-Бек», «Исповедь») үзінділерді қазақшалағанда Абайдың көздеген мақсаты түсінікті

сияқты, ол, ең алдымен, өз көңіл күйін білдіретін, соナン соң оқушы жұртшылыққа қатты әсер етіп, өнеге болатын жолдарды аударады.

Аударманың дәлдігін кейде біз тым тар көлемде түсініп, бір жақтылау сөз етіп жүрміз. Әрине, аударылған өлеңнің ішкі тынысын, форма ерекшеліктерін сол қалпында бұлжытпай бере білуге не жетсін, оған ешкім таласпайды да. Бірақ, тәжірибе жүзінде, түрліше себептер билеп оригиналдан біраз алшақ кетуге тұра келеді делік, сонда қайтпекпіз? Егер бұл жағдай түп нұсқаның көркемдік қасиеті мен эмоционалдық әсеріне закым келтірмей, қайта женілдік жасайтын болса, онда үзілді-кесілді тыйым салудың үнемі қажеті жоқ. Өйткені, мәселе жол санын сақтап, орны орнын ауыстырмай сол күйінде беруге тырысудағана емес, түп нұсқадағы ақынның ойларын бұзбай, көркем тенеулері мен айышықты сөздеріне төлеу таба білуде, қысқасы, жана тілдің байлығы мен мүмкіндігін дұрыс пайдалана отырып, орыс классигін өзіне тән шешен де шебер сөйлетуде демекпіз. Абай міне осы жағына әрдайым назар аударып отырған. Сырт қараганда Абай «Теректің сыйын» аударған кезінде Лермонтовтың текстін ері қысқартқан және кебінесе алшақ кеткенін көреміз. Лермонтовта бұл өлеңнің көлемі Абайдың аударғанынан екі есе көп, 77 жол. Бұл ретте М. О. Әуезовтің жорамалы дұрыс тәрізді: Мысалы, «Теректің сыйын» Абай көп қысқарту жасап аударды... Себебі, оригиналдың ішіндегі бір ер жігіт кабардинецті әкеле жатырымын дейді. Жігіттің сауыт қаттауында жазылған «Құранның аяты да бар» дейді.

Абай өз оқушысына осы жерді қалпында беруді қолайсыз көрген тәрізді. Сол бөлімді алып тастаумен бірге, Лермонтовтың кейбір жолдары мен кей шумактар ішіндегі мазмұндарын аударыстырып, не өзгертіп алады. Жалпы алғанда, тамаша көркем шыққан өлеңнің дәлдік жағынан өзгешелігі бар.

Мұндағы ескеретін бір нәрсе, Лермонтовты қазақшалағанда Абай ұлы ақынның текстін өз жанынан беталды «әдемілеуге» тырыспайды, қайта кейбір әсем тенеулерді Лермонтовтың өз шығармаларынан алып, орынды пайдалана білген. Мысалы, Абайдың аудармасында мынадай бір тамаша жолдар бар:

Асасы терек долданыш, буырқаныш,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарыш.
Арыстанның жалындағы бүйра толқын
Айдаһардай бүктеліш, жұз толғаныш...

«Теректің сыйында» тап мұндай тенеулер кездеспегенмен осыған жақын сөздерді «Демон» поэмасынан ұшыратуға болады:

И, глубоко внизу чернея,
Вился излучиотый Дарьял,
И Терек, прыгая, как львица
С косматой гривой на хребте,
Ревел, – и горный зверь и птица,
Кружась в лазурной высоте,
Глаголу вод его внимали...

Жоғарыда келтіргендеріміз Абай тәжірибесінде сирек кездесетін жайлар, ейткені ол, көбінесе, Лермонтов шығармаларын әрі шебер, әрі дәл аударып отырған. Бұған дәлел ретінде «Жалау», «Жартас», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар» сияқты өлеңдердің аудармаларын атаса да жеткілікті.

Абайдың А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтов шығармаларын аудару тәжірибесінен туған тағы бір қызықты құбылысты сөз етпеске болмайды. Мысалы, Абай кейде бір елеңнің (мейлі Пушкиннің я болмаса Лермонтовтың делік. – Ы.Д.) бас жағын аударып келе жатады да, кенет өз тақырыбына көшеді де, өзінше толғап кетеді. Мұны аударма қатарына жатқызайын десеніз, сол Пушкин мен Лермонтовтан тым алшақтап, мүлде алыс кеткен, ал ақынның төл шығармасы деуге бастапқы жолдарының шын аударма екенінде күмән жоқ. Ендеше бұл жағдайда не істей керек? Біздіңше бұл мәселені дұрыс шешудің бір ғана жолы бар секілді. Демек, аударушы ақынның өз жанынан қосқан тың жолдары түп нұсқаның сарынымен кетсе, немесе сонда көтерілген идеяны дамытатын болса, ол уақытта мұндай еңбекті аударма деп атағанмен Пушкиннен (немесе Лермонтовтан) яки Пушкин (Лермонтов) бойынша деген ескертпе берген жөн. Ал егерде сол жоғарыда аталмыш орыс классиктерінің шығармалары

әуел баста Абайға әсерін тигізіп, өлеңдерін аударуға кіріссе де кейін өзінше шешіп, соны тақырыпқа түсіп кеткендей болса, мұндай туындыларды аударушы ақынның төл шығармалары қатарына қосқан жөн. Жасыратыны жоқ, ана бір жылдарда ет қызыумен Абайдың көптеген тума өлеңдерін аударма деп санаған кездеріміз болды. Әрине, сыпайылап айтқанда, мұнымыз бояушы дегенге мәз болып, сақал-шаштан түк калдыrmай бояғандық болып табылады. Қашанда, қай елде болсын, данышпан деген ақындардың бір тақырыпқа, бір сарынға әрі үндес, әрі түрлес шығармаларын жазып келгені тарихта бұрыннан-ақ мәлім.

Абайдың тағы да ерекше көніл бөліп аударға адалы, орыстың атақты мысалшылы – И.А. Крылов. Сол бір кезде, аударма жұмысы жолға қойылмай тұрған шақтың өзінде Крыловтың бір мысалын («Қарға мен тұлқі») тұнғыш рет Үйбырай Алтынсарин аударған болатын-ды, содан кейін Абай молырақ, жемістірек еңбек етіп, оның он бір мысалын қазақшалаады.

Крылов мысалдарының ішіндегі жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен жауыздықы, адамгершілік пен ар-намысты, надандық пен топастықты сөз ететін тәрбиелік мәні зор шығармаларының қазақ ағартушыларын қызықтырғанын абайлау онша қын емес. Сондықтан да, Крыловтың сол кездегі орыс өмірінің ұсқынсыз жақтарын шенейтін сатиравық мысалдарын қазақшалауға бармай, оның «өсисетшілдік бағыты» басым мысалдарын Абайдың көбірек аударуы тегін болмаса керек. Оның бер жағында, өз заманасының кесепат-кемшілітерін бадырайта көрсетіп, жалпыға жете түсіндіруді мақсат етіп отырған сыншыл Абай үшін астарлап, Эзоп тілімен сөйлеу оншама тиімді болмаған тәрізді. Тағы да ескертстін бір жағдай: Крылов мысалдарын Абай негізінде шебер аудара тұрса да, екі жағдайда түп нұскадан алшағырақ кеткенін анғарамыз. Бірінші, мысалдың өзіне тән ерекшелігін сактамай оны әншейіндегі өлең түрінде аударған, екінші кейде Крылов текстінен ауа жайылып, өз тарапынан қорытындылар жасап отырған. Әрине, бұл кездейсоқ құбылыс емес, өйткені үйқасты сөзге үйреніп қалған қазақ жүртшылығына өлеңге жатпайтын бөлек жанр басняны өз ерекшеліктерімен (оның шумаққа

бөлінбеуі, көбінесе сөйлеп айтатын ауызша әңгімеге, халықтың нақысты ырғакты қара сөзіне бейімірек келуі, тағысын тағылар) сол қалпында аудара қою оңай емес еді. Абай да, Алтынсарин да бұл жерде жаңа жол, тың тәсіл іздемей, қазақ поэзиясындағы мүмкіндікті пайдалануға мәжбүр болды.

И.А. Крыловтан аудармаларды сөз еткенде ескеретін тағы бір жайт: орыстың ұлы мысалшысынан Абайдың қаша шығарманы қазақшалады деген сұраққа жауап беру. Себебі, Мұхтар Әуезов бұл жөнінде былай деп жазады: «осындаидың салдарынан, Абайдың 1945 жылы шығатын толық жинағында, Крыловтан Абай ғана емес, өзге адамдардың жасаған аудармалары да, жансақ басылып кеткен. Әсіресе, жинақтың тізілуін басқарған кейбір адамдардың шалағайлығы бойынша, жаңағыдай қолдарына түскен Абай қолжазбасының кейбір өзгешеліктерін андамауы бойынша, өзге тұста болмаса да, дәл осы Крыловтың мысалдарын тізген бөлімде көрінеу қателіктер кеткен. Мен өзімнің, бала күнімнен билетін, есқі қолжазбаларды еске алғанымда, Абайдың Крыловтан жасаған аудармалары төрт-бестен артық деп айта алмаймын. Олары: 1. «Есек пен бұлбұл»; 2. «Бұркіт пен қарға»; 3. «Шегіртке мен құмырыска»; 4. «Тұлқі мен қарға»; 5. «Піл мен қанден».

Сонғы жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде Абай аудармасының саны он бірге жетіп отыр. Олардың бәрі дерлік ұлы ақынның 1909 жылғы баспасына енген және Мұрсейіт қолжазбаларының бәрінде де бар (1905, 1907, 1910).

Жоғарыда аттары аталған орыстың үш классигінен басқа, Абайдың аудармасы бойынша қазақ әдебиетіне кірген тағы да алты шығарма бар: «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» (Адам Мицкевичтен), «Сұргылт тұман дым бұркіп» (романс, сөзі А. Дельвигтікі, музыкасы М. Глинканікі), «Қорқытпа мені дауылдан» (И. Буниннен), «Қалқам-ай, мен үндеңей жүремін көп» (авторы белгісіз, Лермонтовка таңылып келген өлең), «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (И.А. Крыловтан), «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (Я. Молонскийден). Бұл аудармаларында да Абай өзінің шеберлігін, көп жағдайда терен түсініп, дәл аударатынын көрсеткен.

Абайдың аударма өнеріне қосқан зор үлесін сөз еткенде қандай қорытындылар жасауға болар еді? Ең алдымен, мұндай игілікті жұмысқа Абай еріккеннің ермегі немесе көлденен қесіп ретінде қарамаған. Керісінше, мұндай шабытты жолдар қазақ ақынының орыс халқының ұлы мәдениетімен танысып, Пушкин, Лермонтов-сынды сүйікті ақындарымен сырласу сөтінде туған. Сондықтан да Абай, бір жағынан, өзінің творчествосын жаңа биікке көтеріп, орыстың классикалық тамаша поэзиясынан үлгі алса, екіншіден, сол кездегі қазақ қауымын тың бір дүниемен таныстыруды, келешек үрпаққа өнеге боларлық ұмытылmas еңбек етті. Рас, Абайдан бұрын, жалғыз Алтынсарин болмаса, өзге тілден аударма жасаған қайраткерлер қазақ тарихында кездеспейтін-ді. Шығыстың ертегі-аныздары көбінесе ауызша айттылып тарап келгенеді. Міне, осындағы жағдайда Абайдың аударма ісімен шұғылдануы өте қыын, тіпті тың қадам еді. Мұндай ауыр жұмыста Абайға көмек көрсеткен, женіске жеткізген өзінің асқан дарыны, керемет интуициясы. Данышпан ақын аз жылғы тәжірибесінде шын мәніндегі ісмер аударушы дәрежесіне көтеріледі, сондықтан да болу керек, қазірдің өзінде Абайдың кейір аудармалары көркемдік қасиеттері мен дәлдігі жағынан кейінгі буын ақындардың бәріне қол жетпес үлгі болып келе жатыр. Бұл бір жағы ғана. Ал, ең қымбаты мен ұтымдысы басқада: меніреу қаранғылықты жамылдып жатқан қазақтың байтақ даласына гуманист ақын Россияның озат ойын, ұлы арманын, демократиялық мәдениетімен қатар, жарқын жүзді адамдарын да таныстыруды, сөйтіп, ежелден көршілес келе жатқан екі елдің арасындағы туысқандық қарым-қатынасы мен мызғымас достығын нығайту ісіне жан аямай қызмет етті. Эрине, бұл екінің бірі атқара беретін онай нәрсе емес еді. Феодалдық-мешеулік пен ислам діні фанатизмінін, белең алып тұрган сол бір шакта қағбасын Россия жақтан іздеу тек Абай-сынды көреген, данышпан адамның, халқының мұнын мұндалап, жоғын жоқтаған бел баласының ғана қолынан келетін ерлік қадам еді.

Сонымен қабат орыс халқының ұлы мәдениетінен нәр алу Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы алып енбекінің тезірек және құнтарлы жеміс беруін женілдете түсті, жаңа бағытты, шын

мәніндегі өскелен өнердің (бұл жерде көркем әдебиеті мен әдеби тілін айтып отырмыз – Ы. Д.) негізін қалаудың даңғыл жол ашып берді. Сайып келгенде, орыс поэзиясының тамаша үлгілерін қазақ тіліне аударуда Абай зор еңбек етіп, аударма өнерінің де негізін қалады.

ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариеv Б. Өппис мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы	3
Машанов А. Ұлы ұстаз Абай	8
Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақышдары	19
Нұршайықов Ә. Шұғылалы шумақтар	33
Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда	46
Кирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	65
Ахметов З. Өлең өрнектері	72
Қабдолов З. Абайдың ақындығы	81
Кәкішев Т. Абайдың сатирысы	101
Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы	109
Сахариев Б. Өшпес мұра	129
Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары	137
Бердібаев Р. Кеменгерлік келбеті	154
Қожакеев Т. Абай – сатирик	167
Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті	188
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы	211
Дербісалин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан	221
Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын	235
Талжанов С. Абай Құнанбаев	247
Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра	261
Түсініктер	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
III том
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8757

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.